

ӘОЖ 314.6

А. Жақыпбек, Н.У. Шеденова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: bibigul.kylyshbayeva@kaznu.kz

Үй шаруашылықтары қаржысының мәні мен ерекшеліктері

Аңдатпа. Мақалада үй шаруашылығы қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымының элементі ретінде талданады, сонымен бірге адами капитал теориясы тұрғысынан оның әлеуметтік-экономикалық рөлі қарастырылады. Үй шаруашылығының қаржысына және оның әлеуметтік тұрғыдан ерекшелігіне ерекше мән беріледі. Капиталдың толық айналымы өндіріс үдерісінің едәуір бөлігін қамтып отырған нарықтық қатынастар жағдайындағы қаржы жүйесінің дербес буынына үй шаруашылығының қаржысын бөліп көрсету бір қатар факторларға байланысты болып отыр. Үй шаруашылығы әлеуметтік-экономикалық агенттер ретінде негізінен отбасы мүшелерінің тіршілік әрекетін қолдауға қажетті игіліктерді тұтыну туралы шешім қабылдайды. Соңында барлық әлеуметтік-экономикалық ресурстар үй шаруашылығына жатады, алайда бұл ресурстар олардың арасында өте әркелкі бөлінген. Үй шаруашылықтарының басым көпшілігі жұмыс күшін иеленіп, басқарады.

Түйін сөздер: үй шаруашылығы, қаржы, адами капитал.

Капиталдың толық айналымы өндіріс үдерісінің едәуір бөлігін қамтып отырған нарықтық қатынастар жағдайындағы қаржы жүйесінің дербес буынына үй шаруашылығының қаржысын бөліп көрсету бір қатар факторларға байланысты болып отыр.

Үй шаруашылықтары экономикалық қызметтің маңызды субъектілерінің бірі болып келеді, олардың нәтижелерінен жеке шаруашылық бірлігінің ғана емес, жалпы елдің бүкіл халқының әл-ауқаты тәуелді болады. Экономикасының аса ірі субъектілері бола отырып, коммерциялық кәсіпорындармен және мемлекетпен бірге үй шаруашылықтары барлық макрореттеуші үдерістерге қатысады. ХХІ ғасырда экономиканың жандана түсуі үй шаруашылықтарын белсенді тіршілік етуге жеткізді [1].

Үй шаруашылығы әлеуметтік-экономикалық агенттер ретінде негізінен отбасы мүшелерінің тіршілік әрекетін қолдауға қажетті игіліктерді тұтыну туралы шешім қабылдайды. Соңында барлық әлеуметтік-экономикалық ресурстар үй шаруашылығына жатады, алайда бұл ресурстар олардың арасында өте әркелкі бөлінген. Үй шаруашылықтарының басым көпшілігі

жұмыс күшін иеленіп, басқарады. Нарықтық экономикада жұмыс күші үй шаруашылығы шеңберінде жасалатын және өндіріс факторлары нарығында ұсынылатын негізгі тауар болып жасалынатын жеке өндіріс факторлары нарығында ұсынылатын негізгі тауар болып табылады. Өзінің ресурстарын сатудан табыс ала отырып, үй шаруашылықтары әртүрлі тұтыну игіліктерін сатып алу үшін шектелімді табыстарды бөлу туралы шешімдер қабылдайды. Үй шаруашылықтарының басты әлеуметтік-экономикалық мүддесі сатып алынатын игіліктердің пайдалылығын барынша көбейтуде. Үй шаруашылықтарының тұтыну игіліктерін таңдауы нарықтық экономикада сұранысты қалыптастырады [2].

Үй шаруашылығының қаржысы, тұтас алғанда қоғам қаржысы секілді, шаруашылық мүдделерінің материалдық және әлеуметтік жағдайларын және олардың ұдайы өндірісін қамтамасыз ету мақсатында ақшалай қорларды қалыптастыру және пайдалану жөніндегі экономикалық ақшалай қатынастар болып табылады. Жеке отбасы деңгейінде қаржы жүйесінде буын бола отырып, ол қоғамның

«әлеуметтік-экономикалық құрылымының бастапқы элементі болып келеді. Ішкі жалпы өнім мен ұлттық табыстың құнын жасауда, алғашқы бөлуде және пайдалануда шешуші маңызы болатын коммерциялық кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржысынан айырмашылығы үй шаруашылықтарының қаржысы қаржы жүйесінің басым буыны болған емес және қаржылық қатынастардың жалпы жиынтығында маңызды болғанымен бағынышты рөл атқарады [3].

Үй шаруашылықтары қаржысын «адами капиталдың» даму тұрғысынан қарастырған маңызды. «Адами капитал» тұжырымдамасын өткен жүз жылдықтың 60-жылдарының басында тұңғыш рет Т. Шульц ұсынды. «Адами капитал» деп жұмыскерлердің қабілеттілігін, білім және іскерлігі түсініледі, олар жұмыскерлерге әлеуметтік және экономикалық салаларда белсенді іс-әрекет етуге мүмкіндік береді. Бұл сапалар, бірінші кезекте, ұлттың білім және денсаулық деңгейімен айқындалады. Адами капиталдың негізгі элементтеріне, Г. Беккердің ұсынысына сәйкес:

- білім капиталы (жалпы және арнаулы білімдер);
- өндірістегі даярлық капиталы (біліктік, машық, өндірістік тәжірибе);
- денсаулық капиталы;
- экономикалық мәнді ақпараттарға ие болу капиталы (бағалар мен табыстар туралы ақпараттығы);
- көші-қон капиталы (жұмыскерлердің жұмылдырылғыштығын қамтамасыз ету);
- экономикалық қызметтің уәждемесі жатады [3].

Осыдан «адами капитал жұмсалатын инвестиция», яғни адам дамуына қаражаттар жұмсау, қызметтің талдамалы саласында шеберлікті арттыру, адам тұрмысының рухани және табиғи жақтарын жетілдіру ұғымы дамыды. Адами капиталға жұмсалатын инвестициялардың жалпы экономикалық сипаттамасы олардың рентабелділігі нақты капиталдағы пайдадан әлдеқайда көп болып табылатындығында. Бұл тұжырымдар дамыған капиталистік елдерге ағарту және кадрларды даярлау саласының теңдей дамуы үшін теориялық негіздеу болды. Адами капиталдың бірнеше қағидаларының арасынан маңызды қағидаларын бөліп көрсетуге болады:

- адами ресурстарды сақтау және дамыту қоғамның ұзақ мерзімді экономикалық дамуы

үшін негіз болып табылады;

- адами капиталдың сапасы ұлттық білім, ғылым, мәдениет және денсаулық деңгейімен айқындалады;

– адами капитал ұдайы өндірілетін капиталдың кез келген басқа нысаны секілді, тозуы мүмкін және тұрақты қолдауды талап етеді;

- егер оның сапасына (білім, денсаулық, ғылым және т.б.) әсер ететін факторлары нашарласа, адами капитал құнсызданады.

Ішкі мүмкіндіктермен қамтамасыз етілетін үй шаруашылықтарының едәуір әлеуеті жөнінде ЖІӨ-дегі үй шаруашылықтары жасайтын өнім мен қызметтердің салыстырмалы жоғары және әрдайым көбейіп отырған үлесі растайды (17,6% соның ішінде: 16,9% үй шаруашылықтарының секторы бойынша және 0,7% үй шаруашылығына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдарының секторы бойынша). ІЖӨ-ні нақты түпкілікті тұтынуға пайдалануда үй шаруашылықтарының секторы 50,7 пайызды алады [4].

Үй шаруашылықтары қаржысының мәні өзінің көрінісін функцияларда табады. Г.Б. Поляктың пікірі бойынша екі негізгі функция бар. Ол функциялар осы үй шаруашылығының қаржыларының мәні көрінеді: отбасының қажеттіліктерін ақшалай қаражаттармен қамтамасыз ету; бөлу.

Бұл функция бұл отбасы мүшесінің өмір сүруінің нақтылы жағдайларын жасайды. Нарықтық қатынастардың дамуы бұл функцияның көрінуі нысанына айтарлықтай әсер етеді.

2010 жылғы ҚР статистика Агенттігінің мәліметтері бойынша, үй шаруашылығын іріктеу зерттеу мәліметтері бойынша Қазақстанда үй шаруашылығының орта өлшемі 3,4 адамды құрайды [4, с.149]. Қалалық жерлерде отбасының өлшемі 3 адамды, ал ауылдық жерлерде 4,1 адамды құрады.

Соңғы бес жыл ішінде (2006-2010 жж.) номиналды қаржылық кіріс өсімі тұрақты емес болды, оған 2008-2009 жылдардағы экономикалық кризис те өз әсерін тигізді. 2009 жылы номиналды қаржылық кіріс көлемі тез азайып кетті. Егер алдыңғы жылдары кірістің жылдық өсімі 30-50 пайызды құраса, 2009 жылы нақты қаржылық кірістің индексі алдыңғы жылға сәйкес келетін периодта 103,9 пайызды құрады.

2010 жылы жағдай кішкене түзелді,

көрсеткіштер 118,1 және 110,2 пайызды құрады. Егер де аймақтық көрсеткіштер бойынша салыстырмалы талдау жасайтын болсақ, онда Алматы қаласындағы жан басына шаққандағы орташа кіріс Қазақстанның барлық аймақтарымен салыстырғанда көлемі жоғары болады. Бұл Алматы қаласында жұмыс орындарының көп екендігін, яғни ірі компаниялардың офистері, қаржылық сектордың болуын, орта және кіші бизнес, мемлекеттік мекемелердің көп болуын білдіреді.

Алайда еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайының нашарлауы халықтың табысына әсер етеді. Экономикалық кризиске дейін номиналды қаржылық табыс динамикасының өзгеруі Алматы қаласында көп байқалды, алайда 2009 жылдан бастап мұнда табыс көлемі еліміздегі басқа қалалармен салыстырғанда өзінің тұрақты өсу темпін азайтты.

Алматы облысының табыс көлемі Алматы қаласының өзімен салыстырғанда елімізде ең төмен болып саналады (Оңтүстік Қазақстан облысын санамағанда). 2010 жылы Алматы және ОҚО-да жан басына шаққандағы орташа кіріс көлемі 27474 және 25037 теңгені құрады, ол бүкіл елдегі көрсеткішпен салыстырғанда 1,5 және 1,6 есеге аз болады[4].

Тауар-ақшалай қатынастардың, нарықтық пайда болуының, одан кейін оның ұлғаюының нәтижесінде: 1) отбасының материалдық, әлеуметтік, мәдени және өзге қажеттіліктерінің көбеюі; 2) үй шаруашылығының ақшалай қаражаттарының жасалуы және өсуі; 3) ақшалай қордың – материалдық игіліктермен қамтамасыз етуге арналған отбасы бюджеті пайда болды.

Үй шаруашылығы қаржысының екі функциясы өзара байланысты және бірін-бірі толықтыра отырып бір уақытта іс-әрекет етеді [5].

Үй шаруашылығы мүшелерінің өндірістік қызметі нәтижесінде жасалынған үй шаруашылықтарының қаржылық ресурстары – бұл отбасы қарамағындағы ақша жиынтығы. Үй шаруашылығының ақшалай қорының көлемі шаруашылықтағы әркімнің күш салуына байланысты[3].

Үй шаруашылығының қаржылық ресурстары, әдеттегідей, нысаналы арналымы бар оқшауланған ақшалай қорлар түрінде болады. Екі негізгі қор жасалынды: тұтыну қоры, ол осы ұжымның – отбасының жеке қажеттіліктерін

(тағам өнімдерін, өнеркәсіп өндірісінің тауарларын сатып алу, түрлі ақылы қызметтерді төлеу және басқалары) қанағаттандыруға арналған; жинақашалар (кейінге қалдырылған қажеттіліктердің) қоры, ол – келешекте қымбат тұратын тауарларды сатып алу үшін пайдалануға немесе пайда алуға арналған капитал.

Үй шаруашылығының қаржысы республикалық, жергілікті бюджеттер мен және бюджеттен тыс әлеуметтік қорлармен және меншіктің түрлі нысандағы кәсіпорындарының орталықтандырылмаған қаржылармен, сондай-ақ қаржы нарығымен өзара іс-әрекет етеді. Олардың арасында үздіксіз бір жақты, екі және үш жақты ақша ағындары пайда болады. Үй шаруашылығы мен мемлекет арасындағы ақша ағымдарының тұрақты қозғалысы жүзеге асырылады. Үй шаруашылықтарының мүшелері мемлекеттік сектор үшін жұмыс күшін береді, мемлекетке өз өндірісінің тауарлары мен қызметтерін сатады. Осы үшін отбасы еңбекақы мен табыс алады. Бұдан басқа қаржылық қатынастар қазынаға және әлеуметтік бюджеттен тыс қорларға салықтар, алымдар, баждар және аударымдар төленген кезде пайда болады. Сонымен бірге үй шаруашылықтары үкіметтен әр түрлі ақшалай трансферттер, сондай-ақ натуралдық нысанда қоғамдық игіліктер мен қызметтер алынады [6].

Үй шаруашылығында ақша ағындары мемлекеттік емес сектормен – кәсіпорындармен, ұйымдармен, компаниялармен пайда болады. Олардан тауарлар, қызметтер ала отырып, үй шаруашылықтары ақшалай нысанда оларға алынған түрлі игіліктердің құнын қайтарады. Заңды тұлғалар, сонымен қатар бұл ұжымның мүшелеріне тиісті меншік болған жағдайда үй шаруашылықтарын кредиттік ресурстармен, сондай-ақ табыстармен, пайыздармен, жалгерлік ақымен қамтамасыз ете алады.

Қаржылық ресурстардың толық айналымының нәтижесінде үй шаруашылығы қазіргі және келешектегі жеке қажеттіліктерін қанағаттандыра алады.

Қазақстан халқының қаржылық ресурстарына жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының зейнетақы қорлары (олар 2009 жылдың басында 1439,5 млрд теңгені ІЖӨ-нің 9,5% құрады), халықтың екінші деңгей банктеріндегі салым ақшалары (1500 млрд теңге немесе ІЖӨ-нің 9,9%), әлеуметтік

сақтандырудың мемлекеттік қорында шоғырландырылған қаражаттар – 137 млрд-қа жуық теңге жатады [3].

Қаржылық ресурстар үй шаруашылығының бюджетін қалыптастырады. Өзінің материалдық мазмұны жағынан үй шаруашылығының бюджеті – бұл үй шаруашылығының ақшалай қорын жасау мен пайдалану нысаны. Ол үй шаруашылығы мүшелерінің жиынтық табыстары мен олардың жеке қажеттіліктерін қамтамасыз ететін шығыстарын біріктіреді. Отбасы бюджетінің қаражаттары қажеттіліктердің ұлғаюымен байланысты үнемі жетіспейді. Бюджеттік қаражаттардың жетімсіздігі, әсіресе біздің елде, негізгі жұмыс орнында жұмыс күшін сатудан және еңбектік келісімшарт бойынша еңбекке ақы алудан басқа жеке қосалқы шаруашылық жүргізуде, дара-еңбектік және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, өзінің жылжымайтын мүлігінің артықтары мен ұзақ уақыт пайдаланатын заттарды жалға беруге, бағалы қағаздарды сатып алуға және сатуға мәжбүр етеді [7].

Үй шаруашылығының тұрақты және уақытша табысы ажыратылады. Тұрақты – бұл адам үміттеріне сәйкес болашаққа сақталатын табыс. Тұрақты экономикалық қоғамда табыстың бұл түріне, әдеттегідей еңбек қызметіне ақы төлеуді жатқызады. Уақытша табыс деп болашаққа жоғалатын табысты атайды, мысалы, акционерлік қоғамның тоқталуын байланысты бағалы қағаздардан түскен табыс. Қазақстанда елдің жалпы экономикалық жағдайы тұрақсыздау болып тұрғанда үй шаруашылығының бүкіл табысы уақытша, күрделі болжанатын табыс болып табылады. Мемлекет үй шаруашылығы бюджетінің көлеміне айтарлықтай ықпал жасайды, себебі нарықтық экономикада ол түгелдей материалдық және қаржылай қаражаттардың жалпы толық айналымына біріктірілген. Бұл ықпал:

– салық жүйесі арқылы үй шаруашылықтары салықтар, алымдар төлейді және басқа міндетті аударымдар жасайды;

– мемлекеттік сектордағы жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеу арқылы;

– берілетін түрлі қоғамдық игіліктер мен қызметтер;

– мемлекеттік баға белгіленімі арқылы жүзеге асырылады.

Үй шаруашылықтарының бюджеттері тұр-

паттары бойынша – қалыптасу қағидаттарына, бюджет моделіне қарай ажыратылады. Модель отбасында, әсіресе ерлі-зайыптылар арасында қандай қаржылық және жеке қатынастардың қалыптасуына қарай анықталады. Осы критерийлерге сәйкес отбасы бюджеттерінің үш тұрпағы бөліп көрсетіледі: біріккен, бірлескен бөлектенген.

Бірлескен бюджет кезінде отбасы мүшелерінің тапқан барлық қаражаттары бірге қосылады және алынған қаражаттарды бөлу мен пайдалану мәселелері бірлесіп шешіледі.

Бюджеттің бірлескен-бөлектелген тұрпатын шамамен тепе-тең табыстары бар отбасының мүшелері қалыптастырады. Қаражаттарды пайдалану кезінде, алдымен, ортақ қажеттіліктерге (тамақ, коммуналдық төлемдер, басқа шығыстар) арналған сома есептен шығарылады, ал қалған сома отбасы мүшелерінің арасында тепе-тең не ортақ бюджетке әрбір мүшесінің үлесіне сәйкес бөлінеді; жеке адамға қалған үлес оның өз білгенінше жұмсалады.

Бөлектелген бюджет әрбір мүшесінің жоғары табысы бар және өзін-өзі қамтамасыз ететін отбасылары үшін қабылданған. Бұл тұрпатта жекелеген бірлескен қажеттіліктерге ақша бөлінуі мүмкін және оны тепе-тең бөледі. Бұл тұрпаттағы оң нәрсе үй шаруашылығы мүшелерінің қаржылық тәуелсіздігі және басқалардың алдында есеп бермей шығыстарды жоспарлауы болып табылады [3].

Қазақстанда еңбек қызметінен алынатын ақшалай табыстарда 2007 жылы 77%, 2009 жылы 76,9%, 2011 жылы 81,6% құрады; еңбек қызметінен алынған табыстар көлемінде жалдамалы еңбектен алынған табыс 2011 жылы 70,2%-ды, өзіндік қызметтен – 11,4%-ды, әлеуметтік трансферттер 13,9%-ды, өзге табыстар 3,9%-ды құрайды.

Бұдан басқа, үй шаруашылықтарының ақшалай табыстары натуралдық түсімдердің есебінен толығады (мысалы, қосалқы шаруашылықтарды өндірілген өнімдерден немесе өзінің тұтынуы үшін орындалған қызметтерден, сонымен бірге жұмыс берушілерден немесе мемлекеттен көтермелеулер түрінде алынған тауарлар – материалдық құндылықтардан) [5].

Қорыта айтқанда, үй шаруашылықтарының ақшалай табыстары деп үй шаруашылықтары мүшелерінің жалақысы, жеке-дара еңбекпен кәсіпкерлік қызметінен алынған табыс,

зейнетақы, степендиялар, жәрдемақылар өтемі және басқа төлеулер (ізгілікке көмекті қоса) пайыздар, дивиденттер рента және меншіктен алған басқа табыстары, жеке қосалқы шаруашылықтың өнімін сатудан соған қаражаттар және өзге ақшалай түсімдер түрінде алған ақшалай қаражаттардың сомасын жатқызамыз.

Әдебиеттер

- 1 Радаев В.В. Человек в домашнем хозяйстве // Социологические исследования. – 1997. – №4.
- 2 Радаев В.В. Экономическая социология. Курс лекций. – М.: Аспект Пресс, 1998.
- 3 Құлпыбаев С., Ынтықбаев С.Ж., Мельников В.Д. Қаржы. – А.: «Экономика» баспасы, ЖШС, 2010. – 521-б.
- 4 Уровень жизни населения в Казахстане 2006-2010 гг.: статистический сборник / под ред. Смаилова А.А. – Астана, Агентство по статистике Республики Казахстан, 2011. – 242 с.

5 Приказ № 307/1-п Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан, 02.12.2005 г.

6 Беккер Г.С. Человеческое поведение: экономический подход. Избранные труды по экономической теории: пер. с англ. / сост., науч. ред., послесл. Р.И. Капелюшников; предисл. М.И. Левин. – М.: ГУ ВШЭ, 2003.

7 Домохозяйства, семья и семейная политика / под ред. Елизарова В.В., Зверевой Н.В. – М.: Диалог-МГУ, 1997. – 187 с.

8 Занятость и поведение домохозяйств: адаптация к условиям переходной экономики России. / под ред. В. Кабаиной и С. Кларка. – М.: РОССПЭН. 1999.

9 Туркин В.И. Домашнее хозяйство. – Пермь: Кн. изд., 1960. – 328 с.

10 Шанин Т. Неформальная экономика // Россия и мир. – М.: Логос, 1999. – 576 с.

11 Экономика семьи: экономическая природа, факторы и эффект хозяйственной деятельности семьи / отв. ред. Ю.Н. Нетесин – Рига: Зинатне, 1988. – 166 с.

Н.У. Шеденова, А. Жакыпбек

Смысл и особенности финансов домохозяйств

В статье домохозяйство анализируется как элемент социально-экономической структуры общества, рассматривается его социально-экономическая роль с позиции теории человеческого капитала. Особое внимание уделено финансированию домохозяйства и его специфики с социологической точки зрения.

Ключевые слова: домохозяйство, финансы, людской капитал.

N.U. Shedenova, A. Zhakypbek

Sense and features of finance of households

In the paper the household is analyzed as an element of social and economic structure of a society, its social and economic role is considered from a position of the human capital theory. The special attention is given to financing of a household and its specificity from the sociological point of view.

Keywords: home improvement, finance, human capital.